

ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КЕҢІСТІГІ

Аннотация

Мақалада әлеуметтік жұмыстың экономикалық кеңістігі туралы айтылады. Қоғам мүшелерінің қалыпты өмір сүруін, олардың қажеттіліктерін оңтайлы қанағаттандыруға және жеке адамның шығармашылық әлеуетін іске асыруды қамтамасыз ететін тұрақты дамушы, реттелген әлеуметтік жүйе, әлеуметтік қорғау институтының экономикалық қатынастар өркениетті қоғамда материалдық және рухани игіліктерді әділетті өмір сүруін қамтамасыз етуде сенімді кепілдікке негізделген түрде құрылуы тиістігі қарастырылады.

Тірек сөздер. әлеуметтік топ, әлеуметтік ұйым, нарықтық экономика, әлеуметтік жұмыс, әлеуметтік кеңістік, экономика, заң, нарық, әлеуметтік қызмет, жүйе.

Ключевые слова. социальная группа, социальная организация, рыночная экономика, социальная работа, социальное пространство, экономика, закон, рынок, социальная деятельность, система.

Keywords. social group, social organization, market relation, social work, economics, market, law, social space, social Activities, system

Әлеуметтік кеңістікте экономикалық байланыстар іске асырылады, әлеуметтік субъектілердің (жеке адам, отбасы, еңбек ұжымы, қауым, топ және т.б.) арақатынасының экономикалық формалары өзіндік экономикалық кеңістік жасай отырып көрініс табады. Әлеуметтік жұмыс бүкіл әлеуметтік кеңістікке кіретін белгілі экономикалық кеңістікте іске асырылады. Ғалымдардың (Яковлева А.И., Холостова Е.И., және т.б.) пікірінше әлеуметтік кеңістік қоғамдық тұрмыс формасы ретінде қызмет етпейді. Бұл процесс уақыт аралығында барлық құрылымдық элементтердің үздіксіз қозғалысында болады.

Әлеуметтік жұмыстың экономикалық кеңістігі (ӘЖӘК) – бұл қоғам мүшелерінің қалыпты өмір сүруін, олардың қажеттіліктерін оңтайлы қанағаттандыруға және жеке адамның шығармашылық әлеуетін іске асыруды қамтамасыз ететін тұрақты дамушы, реттелген әлеуметтік жүйе, әлеуметтік қорғау институтының экономикалық қатынастар өркениетті қоғамда материалдық және рухани игіліктерді әділетті өмір сүруін қамтамасыз етуде сенімді кепілдікке негізделген түрде құрылуы тиіс. Бұл әлеуметтік жұмыстың тиімді экономикалық негізін құрудың қажетті алғышарты болып табылады.

Әлеуметтік кеңістік құрылымы өте күрделі. Оның экономикалық байланысы тек әлеуметтік қолдаумен көмек көрсетуді қажет ететіндерге және сонымен қатар мемлекеттің бүкіл халқына қызмет көрсетуге бағытталуы тиіс. Әлеуметтік жұмыс пен әлеуметтік қызмет көрсету жұмыс және тұрғылықты орын бойынша, еңбек мекемелерінде, әлеуметтік қызмет көрсетудің әртүрлі стационарлық емес мекемелерінде (ЦСО, мейманхана, қызмет) яғни қарттар, мүгедектер, жетімдер, босқындар, үйі жоқ немесе табиғи апатқа ұшыраған адамдар тұратын жерлерде іске асырылады. Бұл салалардың әрқайсысында әлеуметтік жұмыстың өзіндік құрылымы болады.

«Әлеуметтік жұмыстың экономикалық кеңістігі» түсінігі «әлеуметтік сфера» түсінігімен оның экономикалық, саяси және рухани сфералармен арақатынасы арқылы байланысты. Әлеуметтік саланың басты міндеті субъектілердің (жеке адам, отбасы, ұжымдар және т.б.), сол сатыдағы қоғамның ғылыми негізделген нормалары мен экономикалық әлеуетін айқындау болып табылады [1].

Бұл салалардың әрбір экономикасының өзіндік ерекшеліктері болады және ерекше қызметтер атқарады. Кәсіпорындарда әлеуметтік қамтамасыз ету және әлеуметтік сақтандыру қорларына аударымдар есебінен халықты әлеуметтік қорғаудың материалдық базасы құрылады, жұмыс орындары мен еңбек жағдайлары қалыптасады, тұрғын-үй құрылысы іске асырылады, жұмысшылардың әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсетуі және олардың материалды-экономикалық қолдауы іске асырылады. Өндірістік кәсіпорындар, мекемелер, өз қызметтерінің

демалысы, емделуіне, квалификациясын арттыруына көп көңіл бөлінеді. Қызметкерлердің кәсіптік одақтары экономикалық қатынастарда белгілі роль атқарады. Рыноктық қатынас жағдайында қоғам мүшелерінің мүдделерін анықтаушы және қорғаушы ретінде оның мәні арта түседі. Меншікті мемлекет иелігінен алу және меншік формасын өзгерту, халық құрамындағы жұмыссыздардың көбеюі, қарт адамдар үлесінің артуы салдарынан тұрғылықты жер бойынша әлеуметтік жұмыстың ролі күрт артады. Бұл оның экономикалық базасын нығайтуды талап етеді.

Сонымен қатар мақсатты әлеуметтік бағдарламаларын қаржыландыруда, тұрғын-үй қоры мен әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін құру мен жөндеуде, шағын және орта кәсіпкерліктің экономикалық қызметін белсендетуде, халықтың өзін-өзі қамтамасыз ету үшін қолайлы экономикалық жағдай құруда олардың ролі арта түсуде.

Әлеуметтік кеңістікте пенитенциарлық мекемелердегі әлеуметтік-экономикалық жағдайымен қамтамасыз ету міндеті мәселесі күрделене түседі. Оның шешімі әлеуметтік сфераның көптеген субъектілеріне тәуелді, ішкі істер министірлігі, еңбек және әлеуметтік даму, білім беру, денсаулық сақтау және мәдениеттану министірлігі, сондай-ақ қайырылымдылық ұйымдары. Әлеуметтік кеңістіктің бұл сегментінің қызмет етуін қамтамасыз ету үшін адамдармен жұмыс істеудің жаңа әлеуметтік-экономикалық конституциясын жасау қажет. Әлеуметтік жұмыстың экономикалық кеңістігінің ажырамас бөлігі әлеуметтік қорғау сферасы, қарттар мен мүгедектер үйі, балалар үйі және т.б. болып табылады. Оларды материалдық және қаржылық қамтамасыз ету, кәсіпкерлік қызметті дамытуды қайта құру және жетілдіру талап етіледі [2].

Әлеуметтік жұмыстың экономикалық кеңістігінің құрамдас бөлігі денсаулық сақтау болып табылады. Мемлекеттік және жергілікті мекемелердегі медициналық көмек бюджетке сәйкес қаражаттары, сақтандыру жарналары, басқа да түсімдер есебінен азаматтарға тегін көрсетіледі. Халықтың денсаулығын болжауда ең басты оның қоғамдық-экономикалық қатынастар мен құрылымға тәуелділігі, қоғамдық даму сипаты болып табылады. Қазіргі кезде денсаулық қалыптасуына қатынасытын экономикалық, әлеуметтік мемлекеттік, құқықтық, экологиялық және басқа да құрылымдар арақатынасының жаңа формасын іздеу қажеттілігі туындап отыр. Бұл үшін халық денсаулығын қорғау ісінде бүкіл жұмысты ұйымдастырудың жаңа тәсілі қажет. Соның бірі елімізде халыққа медициналық-әлеуметтік көмек көрсететін ұйымдар құру болып табылады.

Қазіргі кезде медико-әлеуметтік көмек халықты әлеуметтік қорғау мен қолдау саласында іс жүзінде мемлекеттік саясат жүргізу болып табылады. Денсаулықты экономикалық категория ретінде қарастыру қажет. «Қоғамдық денсаулық» түсінігі халықты және жеке адамдардың денсаулық деңгейіне мемлекеттің ықпалы, қоғамдық-экономикалық қатынас жөніндегі сұраққа жауап ретінде пайда болған. Қоғамдық денсаулық – бұл жұмысшы күшін ұлғайтатын ұдайы өндіруге тікелей ықпал ететін, сондай-ақ мемлекеттің қоғамдық байлығын материалдық өндіру процесіне ықпал ететін макроэкономикалық көрсеткіш. Басқа сөзбен айтқанда ол халық денсаулығының жоғары көрсеткішіне жетуге ынталандырады.

Бұл тұрғыдан денсаулық сақтауды реформалау келесі негізгі принциптер негізінде іске асырылуы тиіс, профилактикалық бағыттылықты жоғарылату, медициналық ғылым мен денсаулық сақтау тәжірибесінің бірлігі, денсаулық сақтаудың қаржылық мәселелерін шешуге халықтың қатысуы, медициналық қызмет көлемі мен сапасына сәйкес халықтың – денсаулығын сақтау жүйесінде қаржыландырудың көп арналылығы, медико-әлеуметтік профилактика және т.б. Нарықтық экономикаға өту денсаулық сақтау жүйесі экономикасында реформалауды талап етті. Ең басты бағыттардың бірі Қазақстан халқының барлығына міндетті медициналық сақтандыруды енгізу болып табылады. Ол тегін қажетті медициналық көмектің минимумын алуға кепілдігін береді.

Мемлекет халық денсаулығын қорғау мен нығайтудың федералды бағдарламасын қаржыландырады. Денсаулық сақтаудың мемлекеттік, муниципалдық және жеке жүйелерін сақтау мен дамыту бойынша шаралар қолдануға арналады. Сонымен қатар мемлекет игілігінен алу және осыған байланысты мемлекеттің ресурстық және қаржылық мүмкіндіктерін азайту әлеуметтік сфера қажеттіліктеріне деген қаражаттың қысқаруына алып келеді. Сондықтан денсаулық сақтау сферасына қаржы ресурстарының мемлекеттік кепілдікке адекваттылығын қамтамасыз етуге маңызы зор.

Қаржыландыру жүйесін жетілдіру ең алдымен қолда бар қаржылық ресурстардың рационалды пайдалануына және олардың көрсетілетін медициналық көмек көлемін сәйкестендіруге бағытталуы

кажет. Бұл медициналық мекемелерді олардың көрсететін қызметінің көлеміне тәуелсіз ұстау принципінен бас тартуды талап етеді. Мұнда денсаулық сақтауды қаржыландыру жүйесі қаржы ресурстарын әлеуметтік және медициналық көмекті арттырудың экономикалық құралы ретінде пайдалануға негізделеді.

Медициналық сақтандыру жүйесін қайта құрудың басым бағыттары емханалар мен отбасылық дәрігерлер үшін ішінара «қор ұстау» жүйесі болып табылады. Мемлекеттің денсаулық сақтауға бөлген қаражаттарын мақсатты және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін міндетті медициналық сақтау қаражаттарының жұмсалуына, денсаулық сақтау жүйесінің муниципалдық және жергілікті ұйымдардың қаржылық-шаруашылық қызметіне тиімді бақылауды қамтамасыз ететін шараларды заңдылыққа енгізу қажет.

Міндетті медициналық сақтау негізгі бағдарламасын қаржылық қамтамасыз ету мақсатында концепция федералдық бюджетте қаржыландыру көзін қосымша құн салығынан түскен түсімнің үлесі ретінде бекітуді және міндетті медициналық сақтандырудың (ММС) қорына аударуды талап етеді [3].

Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік және жергілікті саясатты жүргізудің басты элементі қазіргі жағдайда денсаулық сақтау ұйымының жүйесін рационалды құруды қамтамасыз ететін стратегиялық және ағымды жоспарлаудың біртұтас жүйесі болып табылады. Конституциялық кепілдікті орындау үшін шектеулі қаражаты бар әлеуметтік бағытталған салаларда мақсатты жоспарлаумен бағдарлама жасаудың қазіргі әдістерін кеңінен қолдану ресурстарды жұмсау тиімділігін арттыруға және халықтың медициналық көмекке деген қажеттілігін дұрысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жоспарлау мемлекеттік медициналық көмек көрсетумен денсаулық сақтау жүйесінің дамыту міндеттемелерінің нақты мақсаты мен оны қаржылық қамтамасыз етуді бекітуді талап етеді. Басқару жүйесін жетілдіру және оның тиімділігін арттыру денсаулық сақтау органдары мен мекемелердің жетекшілері үшін келісімшарттық қатынастар жүйесін енгізуге мүмкіндік беруі тиіс. Әлеуметтік жұмыс экономикалық кеңістігінің субъектілерінің бірі білім беру жүйесі болып табылады, әрбір адамның білім алуға деген құқығы бар, мемлекеттік және жергілікті мекемелерде мектепке дейін, негізгі және тегін болуына кепілдік беріледі, әрбір адам конкурстық негізінде мемлекеттік немесе жергілікті мекемелерде жоғарғы білімді тегін алуға құқығы бар [4].

Тәрбиелеудің экономикалық концепциясының ерекшелігін ескере отырып оны іске асыруға қызығушылық тудыратын институттың келесідей негізгі қызметтерін атап өтуге болады:

- отбасында: отбасы мүшелерін еңбекке тарту, отбасы бюджетін енгізуге үйрету арқылы экономикалық қасиеттер, дағдылар мен қабілеттерді қалыптастыру және бекіту, материалдық құндылықтарға, табиғи ортаға, отбасылық және қоғамдық жетістіктерге экономикалық сапалы қатынас жасауға тәрбиелеу, орынды қажеттіліктерді жасап және оларды қоғамдық мүмкіндіктермен сәйкестендіре алуға үйрету;

- мектепте: оқу процесі мен сыныптан тыс жұмысты экономикалық мазмұнға толтыру, шаруашылық қызмет нәтижесін экономикалық есептеу, бақылау және талдау, жоспарлау саласында экономикалық қабілеттер мен дағдыларды қалыптастыру. Әлеуметтік-педагогикалық тәрбиелеу жүйесінің мақсаты экономикалық сауатты әлеуметтік белсенді жеке адамды қалыптастыру болып табылады.

Экономикалық кеңістіктің құрамдас бөліктері мәдениет және өнер болып табылады. Қоғамның рыноктық қатынастарға өтуі жағдайында мемлекеттік қаржыландыру көлемін қысқарту жүріп жатыр. Сондықтан да федералдық, аймақтық және жергілікті бюджетті қалыптастыру принциптерін өзгертудің маңызы зор. Мемлекет қажетті нормативті және заң базаларының болмауына, салық жүйесінің жетілмегендігіне, әлеуметтік-мәдени сферасында құрылымдық қайта құрудың баяу қарқынына байланысты уақытша тоқтап қалған отандық мәдениет пен өнерді қолдауға экономикалық жағдай жасау тиіс.

Әлеуметтік жұмыстың экономикалық кеңістігіндегі басты орында еңбек және тұрмыс сферасы тұрады. Еңбек қатынастарының мәні халық шаруашылығында бүкіл халықтың 49% қамтылғанымен анықталады. Қызметкерлердің 40% астамы мемлекеттік емес сектордың үлесіне тиеді. Бұл жағдайда мемлекет – монополист әрі жалдаушы, әрі заң шығарушы, әрі заңды орындаушы ретінде болған жағдайда еңбек заңы еңбек қатынастарын реттеуші ролін тиімді атқара

алмайды. Еңбек қатынастарын реттеу базасы жаңа экономикалық және әлеуметтік жағдайға сәйкес келмейді. Мемлекет өзінің адамның еңбекке деген құқығын қорғау, қалыпты еңбек жағдайы мен өзінің еңбек қызметінен табыс алуын қамтамасыз ету функциясын атқармайды.

Экономикада іске асырып жатқан қайта құру және акционерлік меншік формаларының пайда болуына байланысты қалыптасқан еңбек қатынастары табиғатына нақты анықтама берілмеген еңбек заңдылығында бейнеленбеген. Жеке және кооперативті кәсіпорындар жұмысшыларына еңбек кепілдігін беру мәселесі өзекті болып отыр. Олардың көпшілігінің билікте, саудада, қоғамдық тамақтануда, тұрмыстық қызмет көрсетуде өкілетті орындары жоқ.

Еңбек қатынастары сферасындағы өтпелі кезең бірнеше негативті жағдайларға алып келді, еңбек құқығын бұзудың көбеюі және оны орындауға мемлекеттік бақылаудың әлсіреуі. Ең алғашқы орында халықты тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету мәселесі тұр, ол азаматтардың өмір сүру жағдайын жақсартудың басты шарты болып табылады. Бұл айдың және жасырын жұмыссыздықтың өсуімен бейнеленеді. Жасырын жұмыссыздықтың жұмысшыларды қайта мамандандыру үшін олар одан әрі рационалды пайдалану мақсатында қолданылмайтындығы қауіпті деп саналады.

Жұмыссыздардың әдрестік және әлеуметтік бағытталған мемлекеттік қолдау, жұмыссыздық жәрдемақысы мен өмір сүру минимумының көлемін сәйкестендіру мәселесі өзекті болып табылады.

Бұл жағдайда еңбек қатынастары сферасында мемлекеттің әлеуметтік саясатының басты бағыттары төмендегідей болады:

- мемлекеттің еңбекақы, еңбек режиміне кепілдендіру саласында заңның орындалуына бақылау жүйесін қалпына келтіру және нығайту;
- халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) жалдамалы жұмысшылардың құқығының халықаралық стандартын белгілейтін конвенциясын ратификациялау;
- жаңа еңбек заңын, ұжымдық еңбек туралы, кәсіподақ мәселесі туралы және т.б. заңдарды қолдау [5].

ӘДЕБИЕТ

- 1 Социальная работа. Уч.пособие /Под ред. В. И. Курбатова. – Ростов н/Д: Феникс, 1999.
- 2 Мисиков Б. Многоканальное финансирование //Высшее образование. – 1999. - №5. – с.13-15.
- 3 Лисицын Ю.П. Медицинское страхование. М.: Медицина, 1995.
- 4 Кузьменко М.М. и др. Здравоохранение в условиях рыночной экономики. - М.: Медицина, 1994.
- 5 Батыгин К.С., Трофимюк Н.А. Социальное страхование и охрана здоровья трудящихся. -М.: Профиздат, 1989.

ЭКОНОМИЧЕСКОЕ ПРОСТРАНСТВО СОЦИАЛЬНОЙ РАБОТЫ

Резюме

В этой статье рассматривается экономическое пространство социальной работы, экономика системы социальной защиты, образования, здравоохранения, сфера отношений труда, культур и экономика быта.

ECONOMIC SOCIAL WORK SPACE

A.E. Mamunova

Summary

This article discusses the economic progress the space of social work, economics of social protection, education, healthcare, the sphere of labor relations, economics and culture of everyday life.